

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ
БАЛАЛАРДЫ ЕРТЕ ДАМУЫ ИНСТИТУТЫ**



**БАЛАЛАРҒА КҮТІМ ЖАСАУ ЖӘНЕ ДАМУЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ
БОЙЫНША АТА-АНАЛАРДЫ ХАБАРДАР ЕТУ МАҚСАТЫНДА
КОНСУЛЬТАЦИЯЛЫҚ ПУНКТТЕРГЕ АРНАЛҒАН МОБИЛЬДІ
ҚОСЫМШАНЫ ҚОЛДАНУ БОЙЫНША
ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР**

Астана 2024

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі
Балаларды ерте дамыту институты базасында әзірленген

Балаларға күтім жасау және дамыту мәселелері бойынша ата-аналарды хабардар ету мақсатында консультациялық пункттерге арналған мобильді қосымшаны қолдану бойынша әдістемелік ұсынымдар – Астана, 2024. – 35 бет.

Әдістемелік құралда балаларға күтім жасау және дамыту мәселелері бойынша ата-аналарды хабардар ету мақсатында консультациялық пункттерге арналған мобильді қосымшаны қолдану бойынша ұсынымдар берілген.

Әдістемелік ұсынымдар мектепке дейінгі ұйымдардың, мектептердің, лицейлер мен гимназиялардың педагогтеріне, сондай-ақ мектеп жасына дейінгі балалардың ата-аналарына арналған.

Әдістемелік ұсынымдар ҚР ОАМ Балаларды ерте дамыту институтының Ғылыми-әдістемелік кеңесінде қаралып, ұсынылған (2024 жылғы 25 желтоқсандағы № 11 хаттама).

ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА

Мобильді қосымша күтім жасау, дамыту, тәрбиелеу және оқыту мәселелері бойынша ерте жастағы және мектеп жасына дейінгі балалардың (туғаннан бес жасқа дейін) ата-аналары мен заңды өкілдерін ақпараттандыру деңгейін арттыру *мақсатында* әзірленді. Ол сондай-ақ отбасылардың жеке қажеттіліктеріне негізделген ұсынымдар беруге мүмкіндік бере отырып, консультациялық пункттердегі педагогтер үшін құрал болып табылады [1-2].

Негізгі міндеттер:

- 1) баланың дамуы үшін ата-аналарға жайлы орта құруға көмектесу;
- 2) ерте дамыту және күтім жасау мәселелері бойынша ата-аналардың құзыретін арттыру;
- 3) цифрлық технологиялар арқылы тексерілген ақпаратқа қол жетімділікті жеңілдету;
- 4) ата-аналар мен мамандар арасында кері байланысты қамтамасыз ету.

Қажеттілікке негіздеме

Ерте жаста балалар сапалы күтімді және дамуын ынталандыруды қажет етеді. Алайда, көптеген ата-аналар тәрбиелеу әдістері туралы білмейді немесе кейде кәсіби консультация алу қол жетімді болмауы мүмкін.

Мобильді қосымша бұл олқылықтың орнын толтырады және:

- 1) 24/7 форматтағы ақпаратқа қолайлы қол жетімділікті;
- 2) баланың жасын және ерекшеліктерін ескере отырып, жеке ұсынымдарды;
- 3) кіріктірілген консультациялар арқылы сарапшылармен өзара әрекет етуді ұсынады.

Қосымшаның функционалдық мүмкіндігі:

- 1) *білім беру материалдары:* мақалалар, бейнесабақтар, инфографика, чек-парақтар;
- 2) *даму күнтізбесі:* баланың жасына сәйкес ескертулер мен ұсынымдар;
- 3) *кері байланыс жүйесі:* мамандарға сұрақтар қою мүмкіндігі;
- 4) *интерактивті модульдер:* тесттер, ойын тапсырмалары, интерактивті жаттығулар;
- 5) *консультациялық пункттермен кіріктірілген шаралар:* іс-шаралар кестесіне қол жеткізу, консультацияға жазылу.

Мобильді қосымша консультациялық пункттердің тиімділігін арттыруға және ата-аналарға балаларды дамыту үшін заманауи, ыңғайлы және қол жетімді шешімдерді ұсынуға қабілетті инновациялық құрал.

Оны енгізу мамандарды даярлауды, техникалық сүйемелдеуді және мақсатты аудитория арасында белсенді ілгерілетуді қамтитын кешенді тәсілді талап етеді.

КІРІСПЕ

Заманауи технологиялар әртүрлі әлеуметтік топтарға арналған ақпараттың қолжетімділігін арттыруда негізгі рөл атқарады. Ерте жастағы балалардың ата-аналары жиі балаларға дұрыс күтім жасау, тәрбиелеу мен дамыту туралы білімнің жетіспеушілігіне тап болады [3-4]. Осыған байланысты мобильді қосымшалар озық ғылыми мәліметтер мен үздік тәжірибелерге негізделген ұсынымдарды жедел және ыңғайлы алуға мүмкіндік беретін маңызды құралға айналуға [5-6].

Мақсаты: отбасылардың жеке қажеттіліктеріне негізделген ұсынымдар арқылы консультациялық пункттерде ерте және мектеп жасына дейінгі балалардың ата-аналары мен заңды өкілдерін күтім жасау, дамыту, тәрбиелеу және оқыту мәселелері бойынша хабардар ету деңгейін арттыру.

Міндеттері: баланың дамуы үшін ата-аналарға жайлы орта құруға көмектесу, ерте дамыту және күтім жасау мәселелері бойынша ата-аналардың құзыретін арттыру, цифрлық технологиялар арқылы тексерілген ақпаратқа қол жетімділікті жеңілдету, ата-аналар мен мамандар арасында кері байланысты қамтамасыз ету.

Енгізу бойынша ұсынымдар:

– ақпараттандыру: консультациялық пункттердің қызметкерлері үшін оқыту іс-шараларын ұйымдастыру, әлеуметтік желілер, мектепке дейінгі ұйымдардың сайттары және жергілікті қауымдастықтар арқылы ата-аналарға арналған жарнамалық науқанды өткізу;

– мамандарды оқыту: қосымшаны қолдану бойынша тренингтер өткізу, консультация берушілерге арналған нұсқаулықтар мен әдістемелік ұсынымдар әзірлеу;

– техникалық сүйемелдеу: қосымшаның тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз ету, пайдаланушыларды сүйемелдеу қызметінің болуы;

– мониторинг және бағалау: қосымшаны қолдану статистикасын үнемі талдау, қосымшаның қызметін жетілдіру үшін ата-аналар мен мамандардан кері байланыс жинау.

Күтілетін нәтижелер:

1) күтім жасау мен тәрбиенің заманауи әдістерін қолданатын ата-аналар санын көбейту;

2) ата-аналарды өз әрекеттері туралы хабардар ету мен сенімділік деңгейін арттыру;

3) мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтері мен отбасы арасындағы өзара ынтымақтықты жақсарту;

4) ақпаратқа тең қол жетімділік есебінен білім беру және әлеуметтік теңсіздікті азайту.

Консультациялық пункттердің жұмысында мобильді қосымшаны қолдану ата-аналардың хабардар болуының жеткіліксіздігі, кәсіби қолдауға қолжетімділіктің шектелуі, сондай-ақ балаларды тәрбиелеу мен күтім жасау мәселелері бойынша жеке тәсілдің қажеттілігі сияқты бірқатар өзекті мәселелерді шешуге бағытталған.

БАЛАЛАРҒА КҮТІМ ЖАСАУ, ДАМЫТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША АТА-АНАЛАРДЫ ХАБАРДАР ЕТУ МАҚСАТЫНДА КОНСУЛЬТАЦИЯЛЫҚ ПУНКТТЕРГЕ АРНАЛҒАН МОБИЛЬДІ ҚОСЫМШАНЫ ҚОЛДАНУ БОЙЫНША ҰСЫНЫМДАР

Балаларды ерте дамыту институты мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтылмаған балалардың ата-аналарына «Thrive by five» халықаралық бағдарламасы негізінде Бейімделген бағдарлама әзірледі. Бағдарлама Институт сайтында орналастырылған (<https://irrd.kz/sites/irrd.kz/uploads/docs/2024/12/mrr3112.pdf>).

Бағдарлама аясында мектеп жасына дейінгі балалардың ата-аналарына балаларға күтім жасау және дамыту бойынша консультациялық көмекке қол жеткізуді ұсынатын «Беске дейін үлгер» мобильді қосымшасы құрылды [7]. Мобильді қосымша үй жағдайында балаларды тәрбиелеп отырған ата-аналарға денсаулық, тамақтану, тәрбие, дағдыларды дамыту және балалармен қарым-қатынас тәрізді маңызды мәселелер бойынша қолжетімді және түсінікті контент ұсынады. Қосымшаның барлық материалдары нейробиологиялық зерттеулердің ғылыми деректері негізінде әзірленген, бұл олардың тиімділігі мен практикалық құндылығын қамтамасыз етеді.

Бейімделген бағдарлама мен мобильді қосымшаны енгізудің мақсаты ерте дамыту мен мектепке дейінгі білім беруді ұйымдастыруға ата-аналардың қатысуына қарамастан, баланың толыққанды дамуын қамтамасыз етуде оларға педагогикалық көмек көрсету, бес жасқа дейінгі балалардың когнитивтік, әлеуметтік, эмоционалдық, физикалық және сөйлеуін дамыту үшін жағдай жасау болып табылады (1-кесте).

1-кесте. Балаларға күтім жасау, дамыту мәселелері бойынша ата-аналарды хабардар ету мақсатында мобильді қосымшаны қолданудың негізгі бағыттары

№	Негізгі бағыттары	Сипаттамалары
1	Когнитивтік даму	Ойлау, есте сақтау және міндеттерді шешу дағдыларын дамыту, оқып беру, сөйлесу және ән айту арқылы сөйлеуді дамытуға баса назар аудару; ойын әрекеті, зерттеу мен үйренуге ынталандыру
2	Әлеуметтік-эмоционалдық даму	Балалардың өзіне деген сенімділігін және айналасындағылармен қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру, эмоционалдық қолдау: эмоцияларды түсіну және оларды білдіру, бала мен ересек арасында жылы және сенімді қарым-қатынас орнату
3	Физикалық даму	Моторикалық дағдылар: ойын, сурет салу, жүгіру және белсенді қимылдар арқылы ұсақ және ірі моториканы дамыту, салауатты әдеттерді қалыптастыру: дұрыс тамақтану, гигиена, физикалық белсенділік, сенсорлық дағдыларға назар аудару: есту, көру, сипап сезу және басқа сезімдерді дамыту

4	Сөйлеуді дамыту	Қарым-қатынас, әңгімелеу және оқып беру арқылы сөздік қорды кеңейту, айтқанды тыңдау және түсіну дағдылары, қолды жазуға дайындау: дыбыстармен таныстыру
5	Өзін-өзі реттеу дағдыларын дамыту	Балаларға өзінің эмоциялары мен мінез-құлқын басқару дағдыларын үйрету, тәртіп пен зейін қоюды біртіндеп қалыптастыру, шыдамдылық пен дау-жанжалдарды шешу қабілетін дамытуға бағытталған ойындар мен жаттығуларды енгізу
6	Ата-аналар мен тәрбиешілерді тарту	Ата-аналарды баланың алғашқы мұғалімі ролінде қолдау, балаларды күнделікті әрекетке тартудың практикалық тәсілдерін үйрету, үй, балабақша және қауымдастық арасындағы өзара ынтымақтастықты нығайту
7	Инклюзия және тең мүмкіндіктер	Барлық балаларға, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға жағдай жасау, ересектерді әртүрлі топтағы балалармен жұмыс жүргізуге үйрету

Балаларға күтім жасау және дамыту мәселелері бойынша ата-аналарды мобильді қосымшаның контенті ата-аналарға, тәрбиешілерге және басқа ересектерге ерте жастағы балаларды дамытуда қолдау көрсетуге арналған оқыту бастамасы ретінде біздің еліміздің контекстіне бейімделген [8-9]. (2-кесте).

2-кесте. Балалардың дамуында елеулі өзгерістерге қол жеткізу, ересектерді, қоғамды тәрбиелеу процесіне тарту

№	Кімге арналған	Жетістіктер	Сипаттамасы
1	Балалар үшін	Когнитивтік даму	Ойлау, есте сақтау және зейінді жақсарту дағдылары, мектепке дайындық деңгейін арттыру (сандарды, геометриялық фигураларды білу; негізгі логикалық операциялар)
		Әлеуметтік-эмоционалдық даму	Өзіне деген сенімділікті, эмоцияларын білдіру және айналасындағылармен қарым-қатынас жасау қабілетін дамыту, өзін-өзі бақылау және мінез-құлқын басқару дағдыларын қалыптастыру
		Сөйлеуді дамыту	Сөздік қорды кеңейту және сөзді түсінуді жетілдіру, қарым-қатынас дағдыларын дамыту және оқуға дайындау
		Физикалық даму	Ұсақ және ірі моториканы дамыту, салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру
2	Ата-аналар мен	Құзыреттілікті арттыру	Ойын, қарым-қатынас және белсенді өзара әрекет арқылы баланың дамуын қолдаудың практикалық әдістерін меңгеру, балаларды

	тәрбиешілер үшін		ерте дамытудың маңыздылығын және осы процесте ата-аналардың рөлін түсіну
		Баламен қарым-қатынасты нығайту	Сенімді, жылы және тұрақты қарым-қатынас орнату, дамытушы сабақтарға көбірек уақыт бөлу
		Күйзеліс пен мазасыздықты еңсеру	Ата-аналарға тәрбиелеу әдістерін үйрету, бұл дау-жанжалдарды болдырмауға көмектеседі және өзінің әрекеттеріне деген сенімділікті арттырады
3	Қоғам үшін	Білім берудегі алшақтықты болдырмау	Әлеуметтік немесе экономикалық жағдайына қарамастан барлық балалар үшін тең бастапқы мүмкіндіктер
		Ұзақ мерзімді тиімділік	Мектептегі үлгерімнің деңгейін арттыру, академиялық сәтсіздік ықтималдығын азайту, балаларды үйлесімді тәрбиелеу арқылы әлеуметтік шиеленісті азайту

Ата-аналарды ақпараттандыруды арттыру және ата-аналар мен қамқоршыларды ойын, қарым-қатынас және күнделікті белсенділік арқылы баланың дамуын қолдау әдістеріне үйрету; теңсіздікті қысқарту және балалардың әлеуметтік, мәдени немесе экономикалық жағдайына қарамастан ерте дамуын қамтамасыз етуде тең мүмкіндіктер беру. Ата-аналарды ойынға, қарым-қатынасқа және балалармен өзара әрекетке ынталандыру негізгі дағдылар мен өзіне деген сенімділікті дамыту арқылы балаларды табысты оқытуға және мектепте одан әрі оқуға дайындау үшін негіз болады.

Қойылған мақсатқа жету үшін:

мобильді қосымшаны тек консультациялық пункттердің қызметіне ғана емес, сондай-ақ меншік нысанына қарамастан мектепке дейінгі ұйымдардың қызметіне енгізуді сауатты ұйымдастыру қажет.

Мысалы, зейін, есте сақтау, моторика және сөйлеу сияқты негізгі дағдыларды қалыптастыру үшін қосымшаны белсенді қолдану.

Баланың танымдық белсенділігін ынталандыра отырып, қосымшаның атрибуттарымен дамытушы ортаны толықтыру.

Ата-аналарды қатысуға ынталандыру, ата-аналарға арналған тренингтер мен тәрбиешілерге арналған семинарлар өткізу, күнделікті өмірде қолдану үшін практикалық ұсынымдар беру.

Психолог пен басқа педагогтердің жұмысында эмоционалды интеллектті дамытуға, эмоцияларды тану және басқаруға жаттықтыру, қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыруға және даулы мәселелерді шешуге ұсынымдар беру.

Бағалау және мониторинг жүргізу, балалардың ілгерілеуін үнемі бақылау және тәсілдерді түзету, ата-аналар мен тәрбиешілерден кері байланыс жинау бағдарламаны жақсарту және жетілдіру үшін пайдалы болады.

Мобильді қосымшаны тек консультациялық пункттер арқылы ғана емес, мектепке дейінгі ұйымдар арқылы да тарату ұсынылады. Мобильді қосымшаны пайдалана отырып, ата-аналар мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу және дамыту мәселелері бойынша тәулік бойы әдістемелік және

психологиялық сүйемелдеу алады, бұл отбасында салауатты және үйлесімді атмосфераны қалыптастыруға ықпал етеді.

«БЕСКЕ ДЕЙІН ҮЛГЕР» МОБИЛЬДІ ҚОСЫМШАСЫН ҚОЛДАНУ БОЙЫНША НҰСҚАУЛЫҚ


AppStore және Play Market-тен «Беске дейінүлер» мобильді қосымшасын жүктеп алыңыз. Мобильді қосымшаны жүктегеннен кейін сізге ыңғайлы тілді таңдаңыз.



Мобильді қосымшаны жүктегеннен кейін сізге ыңғайлы тілді таңдаңыз.

Тілді таңдаңыз.

тілді таңдағаннан кейін «Келесі» батырмасын басыңыз




мобильді қосымша іске қосылған кезде сізде екі нұсқа болады:
1) мысал ретінде келтірілген 1 әрекет жасау,
2) бірден шығу

Мысал: берілген әрекетті орындауға тырысу


Отбасыңызбен бірге ерекше сәттерді сезінуге дайынсыз ба?


Бастау →

Бірден шығу (8 бет)



Берілген тізімнен қажетті әрекетті таңдаңыз



Тағы қараңыз... (Қосымша көмек...) 



 Мәдениет Және Бірегейлік

Балаңыз қайда, кіммен бірге тұратынын және жақын адамдарының (мысалы, ата-әжесі) тегін біліп жүрсе, сол оның жеке тұлғасының қалыптасуына әсер етеді.

Аңыз-ертегілер мен дәстүрлі әңгіме тыңдағанда, баланың отбасымен, туған жерімен, қоғаммен және өз мәдениетімен байланысы




Оқып болғаннан кейін «Келесі» батырмасын басыңыз





Әрекеттің тағы қандай артықшылықтары бар екенін білу үшін батырманы басыңыз

Бұл іс-әрекет қалай өтті?



Оқып болғаннан кейін, «Дайын» батырмасын басыңыз





21:56
App Store

Отбасыңыздағы кішкентайлар кімдер?

Баланың есімі 0 / 20

+ Бала қосыңыз


Бұл ақпарат сізге және отбасыңызға іс-әрекеттер ұсынуға пайдаланылады. Бұл ақпаратты беруге міндетті емессіз. Толығырақ Құпиялық ережесінен оқыңыз.

«Өткізіп жіберу» батырмасы

Өз баланыздың атын енгізіңіз
Бұл әрекет міндетті емес

Егер отбасыңызда 0 мен 5 жас аралығында балалар болса, оларды да қоса аласыз
Бұл әрекет міндетті емес


Баланың атын енгізгеннен кейін «Келесі» батырманы басыңыз



Балаңыздың немесе бірнеше баланың жасын таңдаңыз.

Бұл сіздің балаларыңыздың жасына сәйкес әрекеттерді таңдауға көмектеседі

Жасты таңдағаннан кейін «Келесі» батырманы басыңыз



21:57
App Store

Ең алдымен қай тақырып аясына мән бергіңіз келеді?

Бесеуге дейін таңдаңыз. Қаласаңыз, бұл ақпаратты кейін өзгерте аласыз.

Қозғалыс Дағдылары

Шығармашылық

Мәдениет Және Бірегейлік


Эмоциялар

Маған іс-әрекет таңдап беріңіз →

Сізді қызықтыратын тақырыпты таңдаңыз.

Бесеке дейін ғана таңдауға болады. Артықшылықтар өзгерген жағдайда, кейін ауыстыруға болады


Егер сіз таңдау жасай алмасаңыз, «Мен үшін әрекетті таңдау» батырмасын басыңыз



Сіз басты бетке
өттіңіз

Нұсқаулықты оқығаннан
кейін «Ал, бастайық»
батырмасын басыңыз






ӘРЕКЕТТЕР

Бұл бетте сіз барлық 10 тақырыпқа кіретін әрекеттерді таба аласыз

Сізді қызықтыратын берілген тақырыптар аясынан



Сіз жасына сәйкес
әрекеттерді таңдай
аласыз

Өзіңізге ұнайтын
әрекетті таңдаңыз

19:43



Іс-әрекеттер

ӘРЕКЕТТЕР

Тақырып аясы

Жинақтар

Бұл бетте тақырыптар аймағынан бөлек жинақтарды таңдауға болады

Іріктеу: **Жасы: 3**

Фильтрді тазалаңыз


0 ай - 4+ жыл

1 жасар баланы күтіп-бағу

Берілген коллекциялардан сізді қызықтыратын топтаманы таңдаңыз

0 ай - 4+ жыл


Баланы 6 айдан асып, бір жасқа толғанша күтіп-бағу



ӘРЕКЕТТЕР

Әрекеттер жиынтығы баланың жасына қарай топтастырылған


Сіз таңдаған жиынтықтардың ішіндегі әрекеттерді бір бірлеп орындай аласыз



БІЗДІҢ САЯХАТ

Бұл бетте сіз өзіңіздің әрекеттеріңіз бен кейінге қалдырылған оқиғаларыңыздың тарихын таба аласыз.

Сонымен қатар, сіз күнделікті ескертулерді орната аласыз.



БІЗДІҢ САЯХАТ

Кейінге қалдырған
әрекеттерді табу үшін
«сақталған»
батырманы басыңыз

20:28



Көмек және қолдау

КӨМЕК ЖӘНЕ ҚОЛДАУ

Біз туралы



Жергілікті қолдау



Жиі қойылатын сұрақтар



Қолдану ережесі



Құпиялық ережесі



Бұл бетте сіз көмек және қолдау туралы ақпаратты таба аласыз:

- Біз туралы,
- Жергілікті қолдау,
- Жиі қойылатын сұрақтар,
- Қолдану ережелері,
- Құпиялылық ережесі





КӨМЕК ЖӘНЕ ҚОЛДАУ

20:28



Біз туралы



Бала өмірінің алғашқы бес жылы оның дамуы мен әл-ауқатына үлкен әсер етеді. Thrive by Five ата-аналар мен қамқоршыларға балаларына көп нәрсе үйретуге мүмкіндік беретін күнделікті іс-әрекеттерді ұсынады. Біз ұсынып отырған мазмұн түсінуге оңай, мәдени тұрғыдан маңызды және баланың ерте дамуы туралы соңғы зерттеулерге сүйеніп жасалған.

Сізге ұсынған:



Сидней университеті –
Ми мен ақыл
орталығы




Балаларды ерте
дамыту институты



Біз туралы

Жобаның авторлары мен серіктестері туралы ақпаратты осы жерден таба аласыз

КӨМЕК ЖӘНЕ ҚОЛДАУ



Жергілікті қолдау

Мұнда сіз өзіңізді немесе балаңызды қолдай алатын орындар туралы ақпарат ала аласыз

КӨМЕК ЖӘНЕ
ҚОЛДАУ

20:29



Жиі қойылатын сұрақтар



Қолданушыларымыз жиі қоятын сұрақтарға жауапты осы жерден табасыз.

Қосымшаны қолдану



Іс-әрекеттер туралы
мәлімет



Құпиялық



Жиі қойылатын сұрақтар

Мұнда сіз қосымша пайдаланушылар жиі қоятын сұрақтар мен жауаптарды таба аласыз



20:29



Қолдану ережесі

Кіріспе

1.1 Бұл құжатта бізге тиесілі Thrive By Five International Parenting App (Қосымша) ата-аналарға арналған қосымшасына кіру және оны қолдану шарттары мен талаптары (Шарттары мен талаптары) жазылған.

1.2 Қосымшаға кірерден не оны қолданардан бұрын осы Шарттар мен талаптарды оқып шығыңыз. Осы Шарттар мен талаптардың бәрін қабылдасаңыз, қосымшаны қолданбаңыз.

1.3 Осы Шарттар мен талаптар қосымшаны қолдануыңызға қатысты кез келген басқа шарттар мен ережелерге, соның ішінде осы жерде көруге болатын Құпиялық ережемізге (Құпиялық ережесі) қосымша қолданылады.

1.4 Осы Шарттар мен талаптарданы терминдер:

- «Қосымша» – 1.1-тармақта берілген мағынасы бірдей:



КӨМЕК ЖӘНЕ
ҚОЛДАУ

Қолдану ережелері



КӨМЕК ЖӘНЕ
ҚОЛДАУ

20:29




Құпиялық ережесі

Кіріспе

1 Minderoo Foundation Pty Ltd (ACN 098 198 684) The Minderoo Foundation Trust (ABN 24 819 440 618) («біз», «бізді» және «біздің») сенімді өкілі ретінде Thrive By Five International Parenting App (Қосымша) қосымшасына кіргенде немесе оны қолданғанда жиналатын және сақталатын жеке ақпараттың құпиялығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуге міндеттенеді. Бұл Құпиялық ережесі 1988 жылғы Құпиялық туралы заң (Cth) (Құпиялық туралы заң) талап еткендей, сіздің жеке ақпаратыңызды қалай жинайтынымызды, пайдаланатынымызды, басқа тарапқа беретінімізді және қорғайтынымызды сипаттайды. Ол сондай-ақ ақпаратқа қалай қол жеткізуге және өзгертуге, сұрақ қоюға немесе шағым жасауға болатынын сипаттайды. Біз жинайтын немесе сақтайтын жеке ақпаратыңызға Құпиялық туралы заңның қатысы бар-жоғына карамастан, біз осы


Құпиялылық ережесі







PETTEY



Мұнда күнделікті ескертуді қосуға болады

Тілді ауыстырыңыз

ҚОРЫТЫНДЫ

Мобильді қосымша консультациялық пункттердің тиімділігін арттыруға және ата-аналарға балаларды дамыту үшін заманауи, ыңғайлы және қол жетімді шешімдерді ұсынуға қабілетті инновациялық құрал. Оны енгізу мамандарды даярлауды, техникалық сүйемелдеуді және мақсатты аудитория арасында белсенді ілгерілетуді қамтитын кешенді тәсілді талап етеді.

Консультациялық пункттердің жұмысында мобильді қосымшаны пайдалану ата-аналарды ақпараттандырудың жеткіліксіздігі, кәсіби қолдауға қолжетімділіктің шектелуі, сондай-ақ балаларды тәрбиелеу мен күтім жасау мәселелері бойынша жеке тәсілдің қажеттілігі тәрізді бірқатар өзекті мәселелерді шешуге бағытталған.

Мобильді қосымшаны кеңінен пайдалану консультациялық пункттерге отбасымен өзара ынтымақтастықта жұмыс жүргізудің жүйелі тәсілін қолдануға мүмкіндік береді.

Мобильді қосымшаны пайдалану:

1) мамандардың жұмысын оңтайландыруға, қосымша деректердің жоғары дәлдігі мен өзектілігін қамтамасыз ете отырып, ақпаратты іздеуге және ұсынуға мүмкіндік беруге;

2) ата-аналар мен мамандар арасындағы байланысты нығайтуға ықпал ететін цифрлық платформа және тұрақты қарым-қатынас арқылы отбасымен сенімді қарым-қатынас қалыптастыруға;

3) талдау үшін деректерді жинау, кіріктірілген мониторинг және кері байланыс функциялары арқылы сұранысқа ие тақырыптарды тиімді анықтауға және консультациялық қызметтерді ағымдағы сұраныстарға бейімдеуге ықпал етеді.

Осылайша, консультациялық пункттердің жұмысында мобильді қосымшаны пайдалану:

- қызметтерге қолжетімділікті арттыру: географиялық орналасуына қарамастан қосымша ауқымды аудиторияға кеңестер мен білім беру ресурстарын қолжетімді етеді;

- ресурстарды тиімді пайдалану: цифрлық технологияларды енгізу баспа материалдары мен офлайн іс-шараларға шығындарды оңтайландыруға мүмкіндік береді;

- тұрақты даму: пайдаланушылардан кері байланысты ескере отырып, қосымшаны дамыту оның ұзақ мерзімді перспективада өзектілігі мен сұранысын қамтамасыз етеді.

Мобильді қосымша балалардың өмір сүру сапасы мен даму мүмкіндіктерін жақсартуға бағытталған отбасын қолдау жүйесіндегі маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Осы жобаны сәтті іске асыру процестің барлық қатысушыларының, оның ішінде әзірлеушілердің, консультациялық пункттердің мамандары мен ата-аналардың үйлестірілген күш-жігерін талап етеді.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы: Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы No 249 қаулысы. – (<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000249>).
2. Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспары: 1-тарау. Балабақша – жайлылық пен даму мекені // Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасына қосымша <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2400000465>
3. Как мобильные приложения помогают населению и врачам // Сайт республиканского центра электронного здравоохранения. – https://rcez.kz/it_article2
4. Выготский Л.С. Психология развития ребенка. – Москва: Эксмо, 2006. – (https://yanko.lib.ru/books/psycho/vygotsky=ps_pzv_cheloveka=ann.htm).
5. Отчеты ЮНИСЕФ о развитии детей раннего возраста: Early Moments Matter for Every Child, UNICEF. – 2017. – (<https://www.unicef.org/reports/early-moments-matter-every-child>).
6. Внедрение в образовательную деятельность инновационной системы «Играй и развивайся». Траектория развития образовательного пространства ДОО Вологодской области // Сайт Министерства просвещения РФ. – 2024. – (https://edu.gov.ru/activity/main_activities/preschool_education).
7. «Беске дейін үлгер»: новое мобильное приложение для родителей детей дошкольного возраста запускается в Казахстане // Сайт Министерства просвещения РК. – 2024. – (<https://www.gov.kz/memleket/entities/edu/press/news/details/863883?lang=ru>).
8. Первые пять лет жизни вашего ребенка определяют дальнейшую жизнь ребенка // Сайт Инновационного центра информационных и педагогических технологий при Министерстве дошкольного образования Республики Узбекистан. – 2022. – (<https://www.thrivebyfive.com/ru-UZ>).
9. О приложении Besh Qadam. – 2022. – (<https://www.thrivebyfive.com/ru-UZ>).

МАЗМҰНЫ

1	Түсіндірме жазба	3
2	Кіріспе	4
3	Балаларға күтім жасау, дамыту мәселелері бойынша ата-аналарды хабардар ету мақсатында консультациялық пункттерге арналған мобильді қосымшаны қолдану бойынша ұсынымдар	5
4	«Беске дейін үлгер» мобильді қосымшасын Қолдану бойынша нұсқаулық	8
5	Қорытынды	33
6	Қолданылған әдебиеттер	34